

8. 12. 2014.

Сабақтың тақырыбы:

Дұрыс бөлшектер және бұрыс бөлшектер.

- *Жай бөлшектің алымы бөлімінен кіші болуы мүмкін, оған тең болуы немесе бөлімінен үлкен болуы мүмкін.*

Егер бөлшектің алымы бөлімінен кіші болса, онда бөлшек **дұрыс бөлшек** деп аталады.

Мысалы: $\frac{2}{3}; \frac{4}{9}; \frac{3}{10}; \frac{7}{8}$ - дұрыс бөлшектер, себебі

$2 < 3, 4 < 9, 3 < 10$ сондықтан **дұрыс бөлшек**. Дұрыс бөлшектер 1-ден кіші.

$$\frac{2}{3} < 1; \frac{4}{9} < 1; \frac{3}{10} < 1; \frac{7}{8} < 1$$

Егер бөлшектің алымы бөліміне тең немесе одан үлкен болса, онда бөлшек **бұрыс бөлшек** деп аталады.

Мысалы : $\frac{5}{5}; \frac{11}{6}; \frac{12}{8}; \frac{23}{12}; \frac{45}{45}$ бұрыс бөлшектер, Себебі:

$$5=5; 11>6; 12>8; 23>12; 45=45$$

Сондықтан, **бұрыс бөлшек** 1-ге тең немесе 1-ден үлкен.

$$\frac{5}{5} = 1; \frac{11}{6} > 1; \frac{12}{8} > 1; \frac{23}{12} > 1; \frac{45}{45} = 1$$

Ауызша тапсырмалары

№1. Қайсысы **бұрыс бөлшек**, қайсысы **дұрыс бөлшек**.

$$\frac{1}{6}; \frac{8}{3}; \frac{8}{8}; \frac{3}{10}; \frac{5}{11}; \frac{56}{56}; \frac{15}{6}; \frac{30}{8}; \frac{9}{25}$$

Жауабы: $\frac{1}{6}; \frac{3}{10}; \frac{5}{11}; \frac{9}{25}$ **дұрыс** бөлшектер,

$\frac{8}{3}; \frac{8}{8}; \frac{56}{56}; \frac{15}{6}; \frac{30}{8}$ **бұрыс** бөлшектер

№2. 4:5; 6:5; 1:3; 9:2; 12:7; 3:5;
бөлінділерін бөлшек түрінде оқы.

Оқулықпен жұмыс

Оқулықтың **119** және **120** беттеріндегі ережелерімен танысайық.

Сыныпта **№468** және **№ 471** есептерін өз білімімізбен шығарайық .

Үйге тапсырма:

п 3.5

№ 469, №472.

Ережелерді оқу, түсініп жаттау.

Қорытындылау

1. Қандай бөлшек дұрыс бөлшек деп аталады?
2. Қандай бөлшек бұрыс бөлшек деп аталады?